Об определении специально отведенных мест для осуществления выездной торговли на территории Уилского района
В соответствии со статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 8, 27 Закона Республики Казахстан от 12 апреля 2004 года «О регулировании торговой деятельности» акимат Уилского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Определить специально отведенные места для осуществления выездной торговли на территории Уилского района согласно приложению.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района А.Кенжебаеву.
- Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района Д.Сагиров

Приложение к постановлению акимата Уилского района
от « _____» 2019 года за № _____

Специально отведенные места для осуществления выездной торговли на территории Уилского района

№	Наименование населенного пункта	Места для осуществления выездной торговли
Уилский сельский округ		
1	село Уил	с лева от дома №72 по улице Кокжара
2	село Уил	улица Б.Жолмырзаева №3 справа от здания
сельский округ им. Ш.Берсиева		
1	село Каратал	Здание расположенное между домами по улице Ш.Берсиева № 39 и Ш.Берсиева № 41/1
2	село Каратал	улица О.Бакаева, № 13 впереди здания
Коптогайский сельский округ		
1	село Коптогай	улица Казахстана № 16-а перед парком
Сарбиеский сельский округ		
1	село Сарбие	улица Өйтеке би № 23 перед зданием.
Карайский сельский округ		
1	село Карай	между зданием Тауелсиздик № 19 и домом Тауелсиздик № 21
Саралжинский сельский округ		
1	село Саралжын	улица Ботагоза № 2/10А перед зданием
Кайындинский сельский округ		
1	село Кайыңды	улица А.Иманова № 5-а слева от здания 1

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІПНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Ойыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 8, 27 баптарына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Ойыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар, қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Кенжебаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Д.Сагиров

*Ойыл ауданы әкімдігінің
2019 жылғы « _____»
№ ____ қаулысына қосымша*

Ойыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№	Елді мекен атауы	Көшпелі сауданы жүзеге асыратын орындар
Ойыл ауылдық округі		
1	Ойыл ауылы	Көюжар көшесі, №72 үйдің сол жағы.
2	Ойыл ауылы	Б.Жолмырзаев көшесі, №3 ғимаратының оң жағында орналасқан ғимарат.
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі		
1	Қаратал ауылы	Ш. Берсиев көшесі, №39 ғимаратымен
2	Қаратал ауылы	Ш. Берсиев көшесі №41/1 үйдің ортасы. Ө. Бақаев көшесі, №13 ғимараттың алды.
Көптогай ауылдық округі		
1	Көптогай ауылы	Қазақстан көшесі, № 16-а Саябақтың алды.
Сарбие ауылдық округі		
1	Сарбие ауылы	Өйтеке би көшесі, №23 ғимаратының алды.
Қарай ауылдық округі		
1	Қарай ауылы	Тәуелсіздік көшесі, №19 ғимаратымен Тәуелсіздік көшесі, №21 үйінің ортасы.
Саралжын ауылдық округі		
1	Саралжын ауылы	Ботагөз 2 көшесі, №10/А ғимаратының алды.
Қайыңды ауылдық округі		
1	Қайыңды ауылы	А.Иманов көшесі, №5-а ғимаратының сол жағы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ОТАНЫМЫЗДЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

ЕҢБЕК ЕТУ

Ойыл ауданының қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі әскери жоғарғы оқу орындарына, әскери техникалық мектебіне және келісімшарт бойынша әскери қызметке азаматтарды қабылдау туралы хабарлайды.

Жоғары әскери оқу орндарына үміткерлердің құжаттарын қабылдау науқаны басталды. Атап өтсек – Ақтөбе қаласындағы Т.Бегелдинов атындағы Әуе Қорғаныс Күштерінің әскери институты, Алматы қаласындағы Құрлық Әскерлерінің әскери институты, Алматы қаласындағы Радио электроника және байланыс әскери – инженерлік институты, Ақмола облысы Шүңхуаң қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы Қадет корпусы және Астана қаласындағы С.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» Республикалық мектебі бар. Жоғарыда аталған әскери оқу орындарының бөрінде қысқа мерзім ішінде тиімді оқу және сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасалған. 17-21 жас аралығындағы жастар қабылданады, оқу ақысыз. Курсанттарды мезгілімен киімі, жатар орны, үш мезгіл тамағымен ақысыз қамтамасыз етеді. Оқу ғимараттарында кітапхана, дерісхана, арнайы сыныптар, зертханалар, стадион т.б. жабдықталған. Әскери оқу орындарын толығымен бітіргеннен кейін офицерлік шенін алып 100 % жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар Қорғаныс Министрінің бірінші орынбасары ҚР Қарулы Күштері Бас штабы бастығының нұсқауымен ҚР ҚМ «Әскери техникалық мектеп» РМҚК-ның Ақтөбе қаласындағы филиалында әскери оқытылған резервті дайындық ақылы негізде азаматтарды даярлау жоспарланау. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561 «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 12 бабына

сәйкес, әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, оның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған 24 – 27 жасқа дейінгі контингентінен іріктеу жүргізілуде. Ақылы оқудың құны (бағасы) 263 мың теңге. Оқу мерзімі 40 күн. Бітіргеннен сон атқыш мамандығы бойынша әскери билетін алып, кез-келген орган салаларында қызмет ете алады. Сондай-ақ келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Келісімшарт бойынша әскери қызметке ниет білдірген үміткерлерге қойылатын талаптар. 19-35 жасқа дейінгі, денсаулығы жақсы, жоғарғы немесе арнайы орта білімді, моральдық психологиялық жағынан тұрақты, сотталмаған, дөне дайындығы жоғары, әскери борышын өткерген болуы тиіс.

Әскери қызметтің басымдықтары:

- Лайықты айлық және уақытылы төленуі.
- Мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету.
- Тұрғын үй қорында қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда, тұрғын үйді жалдауға арналған ақшалай төлемақы (мөлшері отбасы мүшелерінің санына және жұмыс орнына байланысты) төленеді.
- Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне әскери медициналық мекемелерден емлекеттің есебінен медициналық көмек көрсетіледі және қамтамасыз етіледі (диагностика, емделу).

Осы хабарлама жөнінде туындаған барлық сұрақтар бойынша Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келуіңізге немесе телефон арқылы хабарласуларыңызға болады.

Мекен-жайы С.Дәуленов көшесі 26 үй, байланыс телефоны: 8 /71332/ 2-19-22.

«Бәйгетөбені» бір күн думанға бөледі

7 мамыр Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің 27 жылдығына орай, Ақжар ауылының «Бәйге төбе» алаңында «Ұланы бар елдің, ұраны бар» атты мерекелік шара өткізілді. Шарада ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Шара барасында қол күрес (ерлер, өйелдер), жаяу жарыс (қыздар 1000 м, ұлдар 3000 м), арқан тартыс және ат үстінде аударыспақ, тай жарыс, аламан бәйге өткізілді. Шараға ауылымыздың шаруа қожалықтары мен өр жылғы туылған азаматтар демеушілік көрсетті.

«Бәйге төбе» алаңында 1986 жылғылардың демеушілігімен қайта жанартылған киіз үй қурылып, ауыл тұрғындарына, қонақтарға тегін палуан мен бауырсақ, ыстық шөй ұсынылды. Ауылымыздың ақсақалдары мен шаруа қожалықтарының басшыларына, демеушілерге «Құттығай» шаруа қожалығының басшысы Мемдіғалиев Есентай мен 1985 жылғылар дастархан жайып құрмет көрсетті.

Жеңісті мәңгі жығлаймыз

Осындай тақырыпта Қарай ауылдық округінде үлкен салтанатты шара өтті. Бұл күні ел үшін, жер үшін күресіп ерлікпен қаза тапқан ата-бабаларымыздың рухына тазғым етіліп, тыл ардагерлеріне құрмет көрсетілді. Ауылымыздағы Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен аталарымызға орнатылған ескерткіше гүл шоқтары қойылды.

Жыл сайынғы «Туған жерге тазғым» акция аясында Ұлы Отан соғысы ардагерінің ұрпағы, ардагер ұстаз Мақсат Асанғалиев осы мереке қарсаңында Қарай мектеп – бала бақшасының үлгерімі өте жақсы оқушыларға Жаныс Асанғалиев атындағы 30 мың теңгелік шөкіртақының сертификатын табыс етті. Ұлы Жеңістің 74 жылдық мерекесіне орай жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында шаруа қожалық төрағаларының демеушілігімен «Бәйгетөбе» алаңында жауу жүріс, қол күрес, қазақша күрес, арқан тартыс, қошқар көтеру, тай жарыс секілді ұлттық ойындар өткізілді. Көршілес ауылдан келген қонақтар өр түрлі жарыстардан өр орындарға ие болып, қанжығаларын майлап, ризашылықпен кетті. Көршілес ауылдың жастарымен волейбол мен футболдан жолдастық кездесулер өтіп, мерекеге келген ауыл қонақтарының құрметіне гала концерт ұйымдастырылды.

ТІЛЕГЕНОВ МҰРАТ

2019 жылдың 12 мамырында 77 жасқа қараған шағында ауданның ауылшаруашылығы саласының дамуына зор еңбек үлесін қосқан еңбек ардагері Тілегенов Мұрат кенеттен қайтыс болды.

Тілегенов Мұрат 1942 жылы Ойыл ауданы Саға ауылдық Кеңесінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1958 жылы туған ауылында жұмысшылықтан бастады. 1959 жылы қысқа мерзімді механизаторлық курсты аяқтағаннан кейін 1979 жылға дейін Аманкелді атындағы кеңшарда механизатор, ал 1979-1999 жылдар аралығында осы шаруашылықта трактор-егіс бригадасының бригадирі болып жұмыс жасады. Мұрат ағаның еңбегі Үкімет пен сол кездегі Коммунистік партияның тарапынан жоғары деңгейде атап өтілді. 1970 жылы «Еңбекте үздік шыққанды үшін», «Б.И.Лениннің туғанына 100 жыл» медалдарымен, 1973 жылы «Еңбек Қызыл Ту», 1976 жылы «Октябрь Революциясы» ордендерімен, 1979 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесінің қола медалімен, 1987 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен, Тәуелсіз Қазақстанның бірнеше мерекелік медалдарымен марапатталды. Жолдасы Зылыхмен бірнеше бала тәрбиелеп, ондаған немеренің сүйікті атасы болды. Үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарайтын, мінезі ашық Мұрат аға шаруашылықта бірнеше мамандардың өсуіне мұрындық болды.

Қош, қымбатты аға, қимас бауыр! Жаныңыз жаннатта болып, топырағыңыз торқа болсын! Сіздің жарқын бейнеңіз өзіңізді танып-білетін жандардың жадында ұзақ сақталады. Марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз және үлкен сабырлылық тілейміз.

Д.Ж.Сағыров, А.К.Мамбетова, А.К.Кенжебаев, А.Қ.Қазыбаев, Е.М.Тлепов, С.Өткелбаев, С.Б.Аманосов, Ғ.Займолда, С.Т.Өскенбаев, Е.Б.Бікіров, Т.Б.Қожахметов, М.Ж.Қазмұханов, Б.Т..Еусекенов,Т.Меруенов,

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Нұрғалиева Гүлнарға қайын енесі

Жүрсіннің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығарды. Таралымы 1740 дана. Тапсырыс №515 Келімі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ө. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

МЕЙІРІМДІ ЖАНДАРДЫҢ МЕРЕКЕЛІК ТАРТУУЫ

ӨТКЕН АПТАДА «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ» АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА 12 МАМЫР «МЕЙІРБИКЕЛЕР» КҮНІНЕ ОРАЙ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «МЕЙІРБИКЕЛЕР – АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУЫН ҚОЛДАЙДЫ» ҰРАНЫМЕН СЕЛО ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫН ӨЛШЕУ, ҚАНДАҒЫ ҚАНТ МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ ДЕНЕ САЛМАҒЫНЫҢ ИНДЕКСІН АНЫҚТАУ АКЦИЯСЫ ӨТТІ.

Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғарғы технологиялық жүйесін дамытуды атап өтсе, акция соның бір көрінісі болды. Өйткені тұрғындар аудандық аурухананың жас мамандары ұсынған концерттік бағдарламасын тамашалай отырып, бой, салмақ, қан қысымдарын өлшетті. Мінекей мереке қарсаңындағы мейірімді мейірбикелердің мерекелік тартуы саябақ ішін шалқыған өн мен ақ халаттылардың шуақты үніне толтырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

Ғызы ізін қалғайды

Мейірбике білім мен біліктілікті ғана қажет етпейді. Оған қоса науқастардың күтіміне жауапты, мейірімділік көрсете білуі тиіс. Сондықтан да медицина қызметкерлері арасында мейірбикелерге үлкен міндеттер жүктелген. Міне осындай міндеттерді адал атқарып, халық денсаулығын нығайтуға күш салып келе жатқан мейірбикелердің бірі - Айгүл Меруенова. 1996 жылы Ақтөбе медициналық колледжіне оқуға түсіп, 1999 жылы төмамдайды. Оқуын ойдағыдай аяқтай салысымен алғашқы еңбек жолын Ақтөбе облыстық инфекциялық ауруханасында мейірбике қызметінен бастады. Сол жерде екі жылдай тәжірибе жинап, аз уақыт ішінде медицина қызметіне өбден ысылады. Кейін өзі туған жеріне оралып, 2002 жылдан бастап медицина саласындағы аса жауапкершілікті қажет ететін мейірбикелік қызметін Ойыл селосы орталығындағы «Жолшы» балабақшасында жалғастырды. 2006 жылдан қазірге дейін Ойыл аудандық ауруханасының лаборатория бөлімінде абырлық қызмет етіп келеді. Адам жанына араша түсетін саланың қиындығына тәзіп, тапжылмай тер төгіп келе жатқанына жиырма жылдан асқан. Бүгінде мейірімді мейірбике, аяулы ана болған Айгүлдің қызы да ана жолын қуып, облыс орталығындағы медициналық колледжде білім алуда.

АЛҒЫСҚА ИЕ МЕЙІРБИКЕ

Мейірбике адамзат тарихында ежелден келе жатқан мамандық. Адам жанына араша түсіп, күні-түні науқастың жанында болу нағыз мейірімді мейірбикенің ғана қолын-ан келеді. Осындай мейірбикелік қызмет атқарып жүрген жан-дардың тағы бірі Рита Бекетаева. Аудан орталығындағы орыс орта мектебінің түлегі. 1995 жылы Ақтөбе медицина колледжіне оқуға түсіп, 1997 жылы аталған оқу орнынан мейірбикелік іс мамандығын алып шықты. Сол жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Ойыл аудандық ауруханасының хирургия бөлімінде дәрігердің көмекшісі қызметін атқарып келеді. Яғни дәрігердің оң қолы десекте артық болмас. Өйткені аяқ, қолынан жарақат алып, басқада себептермен ота жасалып, дәрігердің көмегіне жүгінген ер науқас Рита Тасқалиқызымен жақсы таныс. Хирургтің міндеті отаны сәтті жасау болса, мейірбикенің қызметі науқастың аяққа тұрып, тәуір боп кеткенше күтіп, жайлау. Міне, Ританың осындай аса жауапкершілікті талап ететін қызметтің қиындығына қарамастан еңбек етіп келе жатқанына жиырма жылдан асқан. Оның айтуынша бұл қызметтің қиындығына екінші бірі төзе бермейді. Себебі, ауыр отадан шыққан науқастың өмір сүріп кетуін бірінші Алла деп, одан кейін аса ұқыптылықпен қадағалау тапжылмас шыдамдылықты қажет етеді. Адам денесіне мысқылдап кірген дертінен айықтыруға ант етіп, өз үлесін қосып, көптің алғысына бөленіп жүрген ақ халатты мейірбике, бүгінде аяулы ана. Отбасында төрт бала тәрбиелен отыр.

Игілікті ісінен бір қарыс адым арылмас, Өмір-өлім ортасында арпалысқан сырқатқа. Қарындастай қауырымды жан бұл өмірден табылмас. Табылмас-ау, табылмас. М.Мақтаев.

Мейірім мен ізгілік иелерінің мерекесі

Иа, өмірге осыншама ғашық болған ұлы ақын Мұқағалидай, мейірімді мейірбикелердің қадірін соншама көтере жырлаған ақын жоқтың қасы-ау осы. Аурумен арпалысқан ақын аға, ауруханада өзіне жақын жана-шыр жанды тек осынау мамандығына мейлінше адал арулардан көргенін осы бір жыр жолдарынан аңғарамыз. Ал көктеммен күлімдеп келер мерекенің өзіндік тарихы бар. Ақсуейктер еулетінің қауырымды қызы Флоренс Найтингейлдің туылған күніне орай, жыл сайын мамыр айының мамырашай күнін атап өту рәсімі биыл 48-ші көктемеге ұласқан екен.

Адам жанына араша болу өте сауабы мол іс. Халық денсаулығын күзетінде, дәрігердің оң қолы болып, уақытпен санаспай күні-түні қызмет етуден жалықпайтын кіші буын өкілдері – мейірбикелеріміз жүздеп саналады. Ойыл ауданы бойынша барлық округтер қоса санағанда 15 000-ға жуық халық болатын болса, соларға алғашқы дәрігерлік көмек беретін – орталық аурухана қызметкерлерінің еңбектері үшан-теңіз. «Өзінің уақытын аямайтын, өзгенің уақытын аялайтын» мамандықтың бірі саналатын осынау қиындығы мен қызығы бірге жүретін мамандық иелерін, мерекенің аясында қоллаштап, бір ауыз сөзімізбен жандарына шуақ сыйлауды, осы аурухананың бас мейірбикесі ретінде өзіме парыз санаймын. Жап-жас, қарақат көзді, үстінде аппақ халаты денесіне құйып құйғандай болып, жанына араша сұрап келген жан-дарға, имене қызмет етуге жүрексіне кіріскен біздің ардақты аналарымыздың алды, жетелі жетпістің қыр-қасынан шығып, еңбектің төтті жә-нәтін көріп отырғанына біздер куеміз.

Халық денсаулығын күзетуде аянбай қызмет еткен ардақты ардагерлеріміз – Ғ.Бердешова, Б.Жармағамбетова, Ж.Ахметова, К.Абдрешова, С.Уталиева, З.Шойманова, Н.Есен-аманова, С.Есбатырова, А.Асанова, Р.Токмурзина, В.Бекетаева, М.Даулетова, Қ.Ақпарова, А.Сатыбалдин есімдерін мақтанышпен атап өткім келеді. Ойлап отырсақ, осы салада қызмет ететін мамандардың негізгі үлесін әйелдер қауымы құрайды екен. Әйел алдымен Ана, ол бір қолымен қызмет жасап, бір қолымен отбасы тірлігін атқарумен ерекшеленеді. Түздің де, үйдің де қызметін қоса атқару әйел-анадан қажырлық талап етеді. Өмірдің ақ пен қарасы қатар жүреді. Барлық өмірі мен жастық жігерін осынау өзінің жаны қалаған мамандыққа арнаған, бірақ соның жемісін көрер шағына жетпей, арамыздан ерте солған гүлдей болған абзал аналарымыз бен аяулы қыздарымыз қаншама. Осынау мереке қарсаңында олардың есімдерін атамай аттап өтсек, азаматтығымызға сын болар еді. Олар Б.Жаңдаулетова, Қ.Нұрбаева, З.Аралова, Ш.Қашқынбаева, С.Еркінбаевна, С.Қуатова, С.Жабасова, З.Тахиданова, А.Мұратова, Г.Иманқияндығы мен қызығы бірге жүретін мамандық иелерін, мерекенің аясында қоллаштап, бір ауыз сөзімізбен жандарына шуақ сыйлауды, осы аурухананың бас мейірбикесі ретінде өзіме парыз санаймын. Жап-жас, қарақат көзді, үстінде аппақ халаты денесіне құйып құйғандай болып, жанына араша сұрап келген жан-дарға, имене қызмет етуге жүрексіне кіріскен біздің ардақты аналарымыздың алды, жетелі жетпістің қыр-қасынан шығып, еңбектің төтті жә-нәтін көріп отырғанына біздер куеміз.

Әр уақыттың өзіндік салмағы мен міндеті бар, қазіргі заманның медицина мамандарына қояр талабының жоғарлығын сезіп, байқап та келеміз. Жыл сайынғы елбасы Жолдауларын саралап отырсақ, халықтың әл-ауқатын басты фактор ретінде негізгі басымдықтар қатарында қарастырады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы: 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір



СҮІКТІ КӘСІПТІҢ СЫҰЫ КӨП!

Еңбектеген баладан, еңкейген көріге дейін басымыз ауырып, балтырымыз сызсада дәрігердің қызметіне жүгінетіміз рас. Ақ желенді абзал жандар талай жылдардан бері мындаған жанның жүрегіне үміт отын жағып келеді. Сондықтан да адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігерлерді халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Өрине, ауылдық жерде медицина саласының қызметкерлерінің барлығын бірдей доғдыр деп айта береді. Әлі де солай. Халық олардың құжатынан гөрі қара-кетіне қарап бағалайды. Қазір ойлап қарасак, біздің доғдыр деп жүргеніміздің көбісі медбике мен фельдшер екен. Сондай жандардың бірі – Орынша Офина.

Тағдырдың бұйырмысы болады. Рас, Орынша да алдымен арман қуып, Алматыға барды. Қабылдау емтиханынан сүрініп, апаларын сағалап Алматыда қалды. «Адам айдаса бармайсың, дәм айдаса қалмайсың!» - деген рас. Балалық арманға қол жеткізу үшін бір жылдан соң Балқаштың дәмі бұйырды. Екі жыл сол жердегі медициналық училищеде білім алды. Дипломын алып, алып-ұшып туған ауылына келгенде қызығынан қиындығы көп салада кездескен кейбір келеңсіз сәттер жас маманды жасыта алмады. Жасаған емі шипа болып, адамдардың алғысын естігенде бәрін ұмытпады. Төрт баланың анасы Орынша қазір Ойыл қазақ орта мектебінің медбикесі. Өзінің балалары да осы мектепте оқиды.

«Өз ісінді шебер меңгеріп, оң нәтижесін көргенге не жетсін. Қызығы мен шығығы мол жұмыста небір сәттерді бастан кешіресің. Біз балалармен жұмыс істейтін болғандықтан, ең бастысы мейірімділік танытып, еркәйсына жылы шырай білдіріп, ата-аналарға да ілтипат көрсете білуіміз қажет» - дейді. Әлеуметтік желілер мен өртүрлі жаңа технологиялардың баланың азғасына тигізіп жатқан кесіріне қынжылады.

АЙЖАН - МАЙТАЛМАН МЕДБИКЕ

Медбике — медицина саласындағы негізгі буын, дәрігердің оң қолы, дәрігердің қызметі медбикенің біліміне, өз ісіне деген ынта-жігеріне, шыдамдылығына, біліктілігіне байланысты. Олар қай кезде де жеке басының мәселесін емес, науқастарға көмектесуді алдыңғы орынға қояды.

Медбике болып қызмет істеу оңай емес, оның үстіне бүгінгі таңда науқастар өте талғампаз, кірпияз. Сондықтан, осы саладағы басты күш медбикелерге түсетіні анық. Олар науқастарға ауыртайпай ине шаншуға, бабын табуға тырысып-ақ бағады. Сондай жандардың бірі Айжан Жалғасбаева.

Қазақ «Алдыңғы арба қай ізбен жүрсе, соңғы арба сол ізбен жүреді» - дейді. Сол айтқандай, ағасы Бердіқұл Оралда оқып, іні-қарындастарына сүрлеу салды. Сондықтан, Абдулліндердің қай-қайсысы да «Қайда барамын?» - деп бас қатырған жоқ. Апасы Бағдар дәрігер болғасын, одан қалды аппақ халат киіп жүрген дәрігерлерге қызықпаса да рас. Демек, мамандық таңдауда мақсатына жету үшін мектепті бітірген бойда Айжан да Оралды бетке алды. Еңбек жолын Ақшауылда бастап, отбасы жағдайымен Жетікөлде жалғастырып, кейін Ойылға келді. Аудандық аурухананың барлық саласында еңбек етті. Содан бері еңбек жолының басталғанына қырық жылға таяп қалыпты. Бүгінгі күні процедуралық кабинеттің медбикесі. Жолдасы Бөкенбай қаржы саласының маманы. Балаларының барлығы да жоғары білім алып, еліміздің өркендеуіне өздерінің үлестерін қосып жүр.



болашақ» атты жолдауында «Денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық – алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту. Міндетті медициналық сақтандыру енгізу мәселесін зерттеген жөн. Мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкерлердің денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі-медициналық қызметтің барлық жүйесінің басты қағидаты. Спортпен шұғылданау, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу-ауарудың алдын алудың негізі» - деп нақты түрде тоқталуы, біздің орта буын медицина өкілдеріне сан түрлі жауапкершіліктер мен міндеттер жүктейді. Осы орайда өз ісін жоғары түсіністікпен, көсібі біліктілікпен атқарып келе жатқан бір топ мейірбикелерді, төл мерекесіне орай ерекше ризашылықпен есімдерін атауды жөн санаймын. Олар Р.Төңірекбаева, Г.Мусина, А.Жалғасбаева, С.Сабыржанова, Б.Батырғалиева, З.Рамазанова, Ф.Есқалиева, Ж.Төремуратова, Ж.Атағалиева, Н.Какиева, О.Офина, Г.Амирова, Қ.Серсен, Г.Мусина, К.Бекбосынова, А.Бейсова, Б.Сұймұқанова, А.Қоғабеева, Г.Асаубаева, Р.Майланова, Ж.Кенжеғалиева тағы да басқа көптеген өріптестерді құрметпен атай отырып, еңбектің бұдан да зор шыңына жетулерін тілеймін. Сонымен қатар аурухана қызметінде кіші қызметкерлердің де өзіндік үлесі мол. Орта буын қызметкерлерінің жанына жалау болып, тазалықтың туын көтеріп жүретін қызметкерлеріміз де ілтипатпен атай кетсем артық болмас. Олар Р.Мұбарқоова, шаруашылық меңгерушісі Б.Мергенбаева, М.Лұцева, Г.Құлтемірова, Г.Оразова, Р.Бақтыгереваалар. Біздің мейірбикелеріміз өз кәсібін жетілдіруге

бағытталған кәсіби байқауларға үзбей қатысып отырады. Соның айғағы облыстық мейірбикелер байқауына Бекзат Таласқалиева қатысуға тілек білдірсе, «Ауданның үздік мейірбикесі» онлайн-байқауына бір топ ақ халатты абзал жандарымыз өзара сайысқа түсіп, мереке қарсаңында халық тандаған мейірбике жылдың үздік маманы атанады деген сенімдеміз.

Шағын мақаламды американдық мейірбике ісінің көрнекті өкілі, осы саланың негізін қалаушы В.Хендersonның «Медбике-аяғы жоқтың аяғы, заңиптың көзі, нәрестенің тірегі, анаға білім мен өз-өзіне сенім беретін қазынасы, өлсірегендер мен сырқаттанғандардың қорғаны» деген мейірбикелерге берген анықтама сөзімен аяқтағым келеді. Шынында да ақ халаттары ары мен ішкі жан-дүниесінің белгісіндей болған, аттарына сай мейірімділік пен ізгіліктің шуағын шашқан мейірбикелер қауымын шын жүректен төл мерекесімен құттықтай отырып, алар асуларын мен шығар биіктерің жалау болып, тазалықтың туын көтеріп жүретін қызметкерлеріміз де ілтипатпен атай кетсем артық болмас. Олар Р.Мұбарқоова, шаруашылық меңгерушісі Б.Мергенбаева, М.Лұцева, Г.Құлтемірова, Г.Оразова, Р.Бақтыгереваалар. Біздің мейірбикелеріміз өз кәсібін жетілдіруге

Дархан БЕРДЕШОВА,
Ойыл аудандық орталық
ауруханасының
бас мейірбикесі.



Қойшығұлов көшесінің тұрғыны,
апамыз Базарова Айгүл
Сисенбайқызына!

Мерейлі 60 жасыңызбен және
кәсіби мерекенізбен шын жүректен
құттықтаймыз!
Шаңырақта бола берсін сәтті күн,
Немерелер сыйлай берсін төтті үн.
Апатай жақсы жарсың өмірде,
Алып келсін сізге ер таң шаттығын.
Ізгі тілекпен: інілерің Сағындық,
Темірлан, Әлихан, Муссағали, Берекет,
Бекарыс.



Көкпар...

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ, АЙРЫҚША ОЙЫН, АЛҒАШҚЫ ҮШТІК



Жуырда «Ынтымақ пен Бірлік» күніне орай Атырау облысы, Мұқыр ауылында 1969 жылы туып-өскен азаматтардың ұйымдастыруымен «Көкпар» ойыны өткен болатын. Міне сол додаға Ойыл ауданының намысын қорғап «Қаракемер» командасы қатысқан еді. Бұл ат спортынан өтетін аудандағы сайыстардан алдыңғы қатардан көрініп жүрген айтулы команданың сырт жаққа шыққан алғашқы қадамы болды. Бұл пен бақ қатар шабатын дүбірлі додадан біздің жігіттер құр қалпады. Үшінші орынды еншілеп, көршілес аудандар арасында Ойылдың мәртебесін асқақтатты. «Көкпардың» қыр-сырын жақсы меңгерген біздің жігіттердің серкені тақымға қысып, қарсыласының

алдын бөгеуге күштері жеткенімен аттары өлсіз болып қалды. Сондықтан қарсыласқа жеңісті қолдан беруге тура келген.

Біздің көкпаршылардың айтуынша көршілес ауданда жалпы ат спортына деген қолдау жоғары. Көкпарға арнайы ірі аттардан дайындаған. Сонымен бірге олармен күш сынасқан командалардың барлығы жан-жаққа шығып, өбден ысылап қалған. «Осы жағынан келгенде бізде жалпы ат спортына деген демеушіліктің сөл болса да кенже қалғаны байқалып тұрды», - дейді команда жетекшісі Айбат Үсенғалиев.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ҚАЗІРГІ ӘКЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘЛЕУЕТІ

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА ӘКЕ ТӘРБИЕСІНЕ НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАУ ӨДЕТКЕ АЙНАЛҒАНДАЙ. ӘКЕ ? ҮЙДІҢ ИЕСІ, АНА? ҮЙДІҢ ШЕГЕСІ ЕКЕНІН ҰЙЫТ ҚАЛДЫРҒАНДАЙМЫЗ. ОҒАН ЕКІ ТАРАПТЫҢ, ЯҒНИ ЕР МЕН ӘЙЕЛДІҢ ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСЫ БАРЫН АЙТА КЕТУІМІЗ КЕРЕК.

Мен ұстаздық еткен 35 жылымда талай ата-анамен, оқушымен, отбасыммен қызмет барысында танысып-білісіп, бірге жұмыс істеуге тура келді. Сонда бір байқағаным, сыныптың ата-ана жиналысына да, мектептегі шараларға да, кейде мектепке тәртіп, тәрбие мәселе-сімен шақырсаң, ылғи әйел адамдар келеді. Ер кісілерді, яғни үй иесі, басшысы, барлық түйткілді мәселені шешетін зор тұлға адамдарды өз баласының тағдыры, болашағы ойланпай ма, олар отбасындағы бала тәрбиесімен айналыспай ма екен деген ойға да қаласың. Өрине, әкелердің барлығы бірдей емес, мектеппен анда-санда хабарласып, үйден бала тәрбиесіне қарайтын әкелер де бар. Мен оларды жоққа шығармаймын.

Кейде бұның себебі неден, неге қазір рухы өлсіз, өздігінен шешім қабылдай алмайтын, әкесін пір тұтып сыйламайтын ұл-қыздар көбейді деген ой келеді. Ертерек кезеңге ой жүгіртсек, әкесі баласын алтыға толғасын ашамай өрге мінгізіп, ат жалын тартқызып, ұлын бесіре тайына мінгізіп, ел- жұртпен, туған өлкесімен таныстырған. Оңға толғасын өмірі ат үстінде өткен жауынгер ата-бабаларымыздың ерлік істерін дәріптеп, баланы ат үстіндегі әскери ұрыс қимылдарына үйреткен. Жігерін қайрап, рухын шындап, қайсар да батыл болып шығуына мән берген. Ал ол заман-дағы қазақ отбасында әйел зат ер адамның алдын кеспеген, сөзін бөлмеген, ауыр сөздермен шап-тығып, бетіне келмеген ғой. Сол керемет салт-дәстүріміз, қазақи қарым-қатынасымыз заман өзгеріп, жылдар жылжып, арада өткен жаһандану үрдісінен түбегейлі өзгеріске ұшырағаны ақиқат. Соның салдары отбасындағы бала тәрбиесіне тікелей әсер етеді. Отбасында ер адамның тәрбиесі, оның ықпалы, әкенің қатты қабағы, болаттай берік сөзі кемшін болғасын, ұлдарымыздың өзінен қайсар мінез, жігерлі рух көре алмай жатамыз. Жастарымыздың өскер қатарына аз алғуы, денсаулығының жарамауы, теріс ағымдағы басқа діни бірлестіктерге бет бұруы және басқа келеңсіз жағдайлардың орын алуына отбасындағы әке тәрбиесінің олқы-лығы себеп екені шындық. Бала балабақшадан бастап мектеп бітіргенге дейін көбіне әйел адамдардың тәрбиесінде болады.

Міне, педагогтар қауымы, сынып жетекшілері, бала тәрбиесіндегі осындай түйткілді мәселелерден



шығу жолдарын, яғни отбасындағы әке тәрбиесін жолға қоюды жан-дандыру қажет. Қол қусырып, тек сөз жүзінде айтып қана қоюдан ештеңе еңбесіз анық. Осы ретте өзім көп жылдан бері сынып жетекші болғандықтан, әкелермен деңгейлік курс идеяларын жүзеге асыру барысында жаңа үлгіде коучинг өткізу арқылы ер адамдарды мектеппен байланыстырып, төлім-тәрбие ісіне тартуға болатынын айтқым келеді. Оған мысал – сынып әкелерімен өткізген «Қазіргі кездегі отбасындағы әкенің ролі» коучинг. Ең бастысы, адаммен қарым-қатынас, сөйлесе білу, сендіру екенін есте ұстап, қуатты қару сөзді педагогикалық шеберлікпен тиімді әрі адамға әсер ететіндігі пайдалана отырып, әкелердің отбасындағы ең басты тұлға болып, төлім-тәрбиенің бастауы екендігін ұғындыра білдім. Соның нәтижесінде ер азаматтар тәрбие ісінде кемшін тұстарын зерделеді, ой түйді, пікір алмасты. Тіпті бір ағамыз бала тәрбиесіне байланысты 35 жылдық отбасылық ғұмырында мектепке алғаш рет келіп тұрғанын мойындады. Бұдан кейін де сыныптың ата-аналарымен «Балам – бақытым», «Ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында өткен жұмыстар оң нәтижесін берді деп ойлаймын. Бұл тәрбиеге байланысты кез келген қиын мәселені түрлі тиімді тәсіл арқылы шешудің, ата-ананы, соның ішінде әкелерді өз ұрпағына өнегелі, патриоттық тәрбие беру ісіне тартудың бір мысалы. «Қалауын тапса, қар жанар», «Кеңесің пішкен тон келте болмас» деп сан ғасырдан бері келе жатқан асыл сөзді жадымыздың өскер қатарына аз адам шын ниетімен белсене кіріссе, шешілмейтін мәселе жоқ, сондықтан ұстаздардың тәрбие ісіне мұқият болып, ата-бабалымыздан келе жатқан құндылықтарымызды жоғалтпауға, оларды заманауи үрдісте өз орнымен пайдалануға кеңес беремін.

Ерсайын АҚҚОШҚАРОВ,
Кесембай негізгі
мектебінің мұғалімі,
Ойыл ауданы.